



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 16 қазан

KASE-те өтімділікті беру мен алудың қосымша терезесі ашылды


2019 жылғы 15 қазаннан бастап «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та Ұлттық Банктің СВОП және РЕПО операциялары арқылы ұлттық валютада өтімділікті беруі және алуы бойынша қосымша терезесі ашылады. Жаңа терезе екінші деңгейдегі банктерге қысқа мерзімді өтімділікті реттеу мүмкіндігін кеңейтуге рұқсат береді. Күн сайынғы негізде банктердің бастамасы бойынша Ұлттық Банк қосымша терезеде сағат 17-00-ден 17-30-ға дейін¹ операциялар жүргізетін болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша мынадай cut-off time (мәмілелер жасауды аяқтау уақыты) қолданылатындығын қосымша еске саламыз:

- 1) валюта операциялары бойынша: 17-00;
- 2) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша: 17-00;
- 3) бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша: 17-00;
- 4) депозит операциялары бойынша: 17-30;
- 5) РЕПО операциялары бойынша: 17-30;
- 6) своп операциялары бойынша: 17-30.

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының құралдары жүйесімен мына [сайтта](#) танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің үнемі қолжетімді операцияларын және ашық нарық операцияларын жүзеге асыру графигі



Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 591 (1225)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша